

*Сабақтың тақырыбы:*

*Оркестр құрамындағы  
аспаптар*

*Музыка пәнінің мұғалімі:*

*Қожантаева Салтанат Едилбаевна*



# Сабақтың мақсаттары:

## **Білімділігі:**

Ұлт аспаптар оркестр құрамындағы аспаптар туралы әңгімелеу, оркестр жетекшілері туралы толық мағұлмат беру


## **Дамытушылығы:**

Музыканы тыңдау арқылы оқушылардың танымдық іс-әректін дамыту, күй иірімдерін дұрыс ести білу


## **Тәрбиелігі:**

Қазақтың ұлттық өнерін дәріптейтін, мейірімді, өнерлі, өз ісіне сенімі мол, заманына сай тұлға тәрбиелеу


II. Үй тапсырмасын сұрау  
Кубик лақтыру ойыны



*Алғашқы ұлт  
аспаптар  
оркестрін кім  
құрды?*




*Алғашқы  
оркестр  
құрамында  
неше адам  
болған?*








*Домбыра  
аспабының  
қандай түрлері  
пайда болды?*



*Қобыз  
аспабының  
қандай түрлері  
пайда болды?*



# Қазақтың ұлттық аспаптары



*Есіңде болсын!* Оркестр дегеніміз - дирижер басшылығымен музыкалық шығармаларды бірігіп орындайтын музыканттардың үлкен ұжымы.







## Оркестр түрлері



Симфониялық оркестр



Халық аспаптар  
оркестрі

# Домбыра

Домбыра — қазақ халқының кең тараған аспаптарының бірі. Қазақстанның аймақтарына байланысты күйлер «төкпе» және «шертпе» дәстүріне бөлінеді. Домбыра аспабының пішіні де осы орындаушылық мектептерге байланысты жасалынады. Домбыра күйлері — қазақ халқының ішкі жан дүниесін суреттейтін туынды.



# С Ы Б Ы З Ы



Үрмелі аспаптар арасында **сыбызғы** - халық үшін ең сүйікті аспап болып табылады. Ол халықтық музыкалық өнердің ажырамас бөлігіне айналды. Сыбызғы шопандардың отар бағып жүрген кезде жалғыздығын жебейтін аспап ретінде, ал кешкі демалыс мезгілінде музыканттар ол арқылы ескі аңыздар-жырларды айтқан. Сыбызғышылар барлық тойлар мен мерекелердегі құрметті қонақтар болған. Сыбызғының кең таралуы, қолданылуы оның қарапайымдылығымен түсіндіріледі. Сыбызғыны қуыс талдан жасаған, одан үш саңылау ойған. Сыбызғының оңай және тез жасалатынына қарамастан, ойнау жеңіл болмаған. Сыбызғылық күйлер әдетте екідауысты болып келеді. Бір дауыс аспаптан шықса, екінші дыбыс орындаушы-музыканттың тамақты дыбысынан пайда болған.

Осы екі дыбысты қатар орындау техникасын меңгерген адам сыбызғыда ойнай алатын болған. Талдық сыбызғылардан басқа ағаш сыбызғылар да бар.




# Сазсырнай



Сазсырнай — саздан жасалған үрлемелі аспап. Үні ашық, нәзік болады. Сазсырнай Қазақстан аймағындағы Отырар қаласында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған. Ежелде бұл аспап балалар мен жасөспірімдер арасында кеңінен таралған.

# Жетіген



**Жетіген** — шертіп ойнайтын жеті ішегі бар музыкалық аспап. Тиектің орнына асықтарды пайдаланған. XX ғасырда белгілі фольклор зерттеушісі Болат Сарыбаев жетігенді көне көз қариялардың сипаттауы бойынша құрастырып, қайта қалпына келтірді. Ертеде жетіген аспабын жыраулар жиі қолданған — оның әуені аң аулуға шыққанда немесе алыс жорыққа аттанарда сәттілік әкеледі деп сенген.



**Шаңқобыз** — темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап. Шаңқобыз басқа атаулармен көптеген халықтарда кездеседі. Оның сирек кездесетін бір түрі — *ағаш шаңқобыз* — ағашқа бекітілген жіпті тербеу арқылы дыбыс шығарылады.

**Шаңқобыз** тілдік аспаптар тобына жатады. Бұл аспап әртүрлі атпен (Варган, темір қомыз, шаңқобыз және басқалары) көптеген халықтарда, кездеседі. Ол якуттарда, тувалықтарда, хакастарда, қырғыздарда, түркмендерде, өзбектерде, қарақалпақтарда, дұңғанда, башқұрда, қалмақтарда, украиндықтарда, орыстарда және басқа халықтарда бар. Шаңқобыздың құрылымы қарапайым. Ол кішкентай доға түрінде бастары жіңішкеріп келетін темір аспап, бұл доғаға жұқа темір серіппе бекітіледі. Шаңқобызды ерінге қойып, ойнайды. Дыбыс серіппенің тербелісі арқылы шығады. Ауыз қуысы аспап резонаторын атқарады. Шаңқобызды осы жүзжылдықтың 40 жылдарына дейін Қазақстанда кездестіруге болады.



# Қылқобыз

Қылқобыз — әлемдегі ысқышпен орындалатын ішекті аспаптардың атасы, қос ішекті көне музыкалық аспап. Қобыздың екі ішегіне және ысқышына аттың құйрық жалының қылы тағылады. Қобыз адамның денесін шымырлатып, жүректі тербейтін қоңыр қою дыбыс береді. Қобыз күйлері халықтың мұңы мен қуанышын, ішіндегі сырын айқын суреттейді. Ерте заманда қобызда жыршылар, бақсылар, емші — балгерлер ойнаған. Қылқобыздың қазіргі заманның түрі — *прима қобыз*.





*Дирижер – оркестірді басқарып, басшылық ететін адам.*



# *Халық аспаптар оркестрі*



*Халық аспаптар оркестрінің  
құрамына кіретін аспаптар:*







*Академик, профессор,  
өнертану ғылымының  
докторы, қазақтың алғашқы  
кәсіби композиторы. Әр  
жанрда жазған көптеген  
музыкалық шығармалардың  
және музыкатану  
ғылымында баға жетпес  
“Ғасырлар пернесі”, “Замана  
бұлбұлдары” кітаптарының  
авторы.*

*А. Жұбанов Қазақтың  
Құрманғазы атындағы  
мемлекеттік академиялық  
халық аспаптары оркестрін  
құрып, оның алғашқы  
көркемдік жетекшісі және  
бас дирижёрі болды.*

*Ахмет Жұбанов (1906-1968)*



# ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ГИМАЛАЙЫ





Мәкәлім Қойшыбаев  
(1926-1986)

Атырау обл.Қызылқоға  
ауд.

Қазақстанның еңбек  
сіңірген  
өнер қайраткері.

Ұлт аспаптар оркестріне  
арнап:

«Қазақстан»,

«Жастық»,

«Концерттік күй»,

«Атырау дүбірі»

т.б поэмалар жазған.



**Нұрғиса Тілендиев  
(1925-1998)  
Қазақстан  
Республикасының  
Мемлекеттік  
сыйлығының иегері,  
«Халық қаһарманы».  
Ұлт аспаптары оркестріне  
арнап: «Ата толғауы»,  
«Аңсау», «Аққу»,  
Көш керуен», «Атадан мұра»  
т.б оркестрлік шығармалары.**



Қазақтың ежелгі би өнері үлгілері жөнінде дастандарда, ертегілерде, батырлар жырларында да айтылып отырады. Белгілі музыкалық шығармалар, күй әуендері биді сүйемелдеу үшін пайдаланылған. Мысалы: “Қаражорға”, “Бүркіт биі”, “Қаз-қатар”, “Насыбайшы”, “Құсбегі-дауылпаз”, “Аю-би”, “Киіз басу”, “Өрмек тоқу”, “Аққу”, “Ортеке” және т.б билер сондай әдіс-тәсілмен орындалған.





*Қазақтың ұлттық би өнері ерте замандардан бастау алып, күні бүгінге дейін өркендеп келеді. Би өнері халқымыздың салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туындаған.*







*Д.Нұрпейісова атындағы қазақ ұлттық  
аспаптар оркестрі.*





# Құрманғазы ауданындағы С.Көшекбаев атындағы ұлт-аспаптары оркестрі





# Жергілікті сазгер Талапқали Зайнуллин



**1938 жылы туған.  
«Қазақ ССР халық ағарту  
ісінің озық қызметкері»  
төсбелгісімен  
марапатталған композитор.  
С.Көшекбаев атындағы  
ұлт-аспаптары оркестрінің  
көркемдік жетекшісі, дирижері.  
«Рысқали Байжұма»  
,»Арнау», «Әсем саз»,  
«Ана мейірімі», Назерке»  
т.б. көптеген күйлері бар.**



*Әннің  
сөзімен  
жұмыс*



# Дауысқа жаттығу



**Сөз құра**



**Не үйрендік?**





# Үйге тапсырма

1. Оркестр туралы тақырыпты оқу. 25 бет

2. Домбырасыз ән қайда? сөзін жаттау



**Бағалау**